

Қазақстанның Ұлттық қорғаныс университеті оқу үрдісіне Ресейдің жоғары әскери оқыту орындарының профессорлық оқытушылар құрамын тұрақты түрде шақырып отыр.

Соңғы жылдары Қазақстан Ресейдің әскери оқу орындарында космостық мамандықтары бойынша офицерлердің дайындалуына ерекше көңіл бөліп отыр. Қазақстанның қорғаныс ведомствосы офицерлерді оқытып шетел өкілеттілігіне Ресейдің әскери дипломатиялық академиясына қысқа курстарға жіберуді жоспарлап отыр.

Толықтай қарастырғанда, қазіргі таңдағы Ресей мен Қазақстанның әскери ынтымақтастығы айтарлықтай жоғары деңгейде. Екі жақты қатынаста барлық спектрлік сұрақтар бойынша өзара сапалы жетерліктей және қарқынды нәтижесі болып табылады. Мәскеу мен Астана арасында қалыптасқан сенім деңгейі болашақта сақталады, көбінесе екі мемлекет арасында әскери ынтымақтастық пен толықтырулықтан тәуелді болады. Қазақстан Орталық Азиядағы өзге мемлекеттер сияқты өзінің сыртқы саясатында көп векторлы тәсілін жүзеге асырады, Батыс мемлекеттерімен әскери салада өзара әрекетті кеңейтуге мүддесін арттыруды білдіреді, бірінші ретте АҚШ-пен және НАТО-ға мүше мемлекеттермен. Бұған көрнекті дәлел 2008 жылы қыркүйек айында НАТО мемлекеттерінің бөлімшелерінің қатысуымен Алматы облысы Іле полигонында Қазақстанның Аэромобильді әскер Қарулы Күштерінің бейбітшілік мақсатта өткен арнайы тактикалық «Степной орел» оқу жаттығулары болып табылады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие. - Алматы: Атамура, 2003. -260 с
2. Токаев К.К. Казахстан в мировом сообществе // Международная жизнь. - Алматы, 2002. - № 7. - С.45-53.
3. Проблемы национальной безопасности в стратегии «Казахстан-2030» Рахманова Г.Б. -Алматы.: 2000.- 153-с.
4. Мырзабекова Д. Казахстанско-китайские связи в области обороны и безопасности // Казахстан в системе международных отношений сборник материалов международной научно-практической конференции посвященной 10-летию суверенитета РК. - Алматы, 2002. - С.227.
5. Назарбаев Н.А. Прямой телемост выступление Президента Казахстана. - Астана. - Хабар. - 24 августа 2005.

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТІ ДАМУ КЕЗЕНДЕРІ ЖӘНЕ БӨЛІНУІ**

*Сануаров Ж. – Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті,  
Заң факультетінің, «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін  
құқықтық қамтамасыз ету» мамандығының I курс магистранты.*

*Ботагарин Р.Б. – Ғылыми жетекші.*

Бастапқыда саяси, кейіннен құқықтық қағидаға айналған «мемлекеттік билікті заң шығару, атқару және сот тармақтарына жіктеу» мемлекетті демократиялық және құқықтық деп танудың басты өлшемдерінің бірі болып табылады. Билікті жіктеу қазақстандық қоғамда еліміздегі демократиялық өзгерістер басталған кезеңнен бастап кең талқылана бастады.

Бұл қағида 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған, өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырған Қазақстан Республикасы Конституциясында көрініс тапты. Ата заңымыздың үшінші бабында: «Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-

теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады.»

Қазақстандағы биліктің жіктелуі қағидасының қазіргі кезеңдегі әрекетіне тоқталмастан бұрын, оның біздің елімізде қалыптасу ерекшеліктеріне, тарихи жолына шолу жасағанмыз жөн.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары жүйесі мен биліктің жіктелуінің саяси-құқықтық дамуын қарастырған пр.К.Д.Жоламанның көзқарасы бойынша оны бес кезеңге бөлуге болады: I-кезең. 1989 жылдың қыркүйегі мен 1990 жылдың 25 сәуіріне дейінгі аралықты қамтиды. Ол ҚазақКСР Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы институтын енгізуден басталып, мемлекет басшысы ретіндегі Президент институтын енгізумен аяқталды.

2-кезең 1990 жылы 25 қазанда Мемлекеттік егемендік туралы декларация қабылдаумен 1991 жылдың 8 желтоқсанына, ТМД құрылғанға дейінгі мезгілді қамтиды. Ол қазақ халқының ұлттық өзін-өзі тануымен, одақтық кәсіпорын-мекемелердің Қазақстан еншісіне өтуімен, саяси өмірдің жандануымен сипатталады. Декларацияның 14 бабына сай Қазақстан «халықаралық қатынастардың дербес субъектісі ретінде көріну, өз мүддесіне сай сыртқы саясатты анықтау» құқығын иеленді.

3-кезең 1991 жылдың 16 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң қабылдаудан басталып, 1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясын қабылдауға дейінгі мерзімде өтті. Оның жетістіктеріне мемлекеттік тәуелсіздікті жариялау, меншік түрлерін, біртұтас қазақстандық азаматтылықты бекіту жатады.

4-кезең 1993 жылдың 10 желтоқсанынан «Қазақстан Республикасы Президентіне заң шығару өкілеттілігін уақытша беру туралы» заң қабылдаудан басталып 1995 жылдың наурызына дейінгі кезеңді қамтиды. Бұл кезең Қазақстанның халықаралық аренадағы беделінің өсуімен сипатталады.

5-кезең 1995 жылы 30 тамызда Қазақстан Республикасының әрекеттегі Конституциясын қабылдаудан басталып қазіргі кезеңге дейін жалғасын табуда [1; 3].

Алдымен «Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы» декларацияда, соңынан «Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңда көрсетілген билікті жіктеу қағидасы 1993 жылғы Конституцияға дейін шынайы жүзеге асырыла алмады. Бұған аумалы-төкпелі кезеңде мемлекеттіліктің негізін құру және елді басқару, тұрақтылықты қамтамасыз ету жағдайында билікті бөлісуден гөрі, орталықтандыра түсу негіз болды. 1993 жылдың Конституциясына дейін Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік биліктің бірлігі қағидасына негізделіп әрекет етті. Коммунистік партияның қатал қолымен қалыптастырылған және әрекет ететін мемлекеттік органдар халықтан өкілеттік алмады және өз әрекетін халыққа бақылауға мүмкіндік бермеді. Бұл халықтың мемлекеттік биліктен алшақтауына, қоғамның мемлекет органдары әрекетіне селқос қарауына негіз болды.

1993 жылдың 28 қаңтарында Қазақстан Республикасы өзінің алғашқы Конституциясын ұзаққа созылған саяси талқылаудан кейін қабылдады. Өтпелі кезеңнің Конституциясы әр түрлі саяси топтардың қиыспас мүддесінің тұрғысынан шығуға тырысқандықтан қоғамдық қатынастарды реттеу барысында толық анықталған бағытты айқындай алмады. Дегенмен де оның мемлекеттің тәуелсіздігінің қалыптасуына тигізген жағымды жағын ескермеуге болмайды. Осындай жағымды тұстарының бірі – билік бөлісуге қатысты. Қазақстанның Ата заңында билікті жіктеу қағидасын кезекті сынақтан өткізу үшін емес, мемлекетті нығайту үшін, Қазақстанның көп ұлтты халқының мүдделеріне сай тиянақты да салиқалы шешімдер қабылдап, оны жүзеге асыру үшін өмір тәжірибесіне енгіздік. Мемлекет шын мәніндегі билікті бөлісу тұжырымдамасына тұңғыш рет қадам басып, оның жөнін Негізгі заңда бекітті. Қазақстандағы заң шығару билігі сол кезеңнің парламенті – Жоғарғы Кеңеске берілді. Ол мемлекеттік биліктің жоғарғы органы

ретінде танылып, заң шығару үрдісіне ықпал ету, ішкі және сыртқы саясатты қалыптастыру, сондай-ақ Үкімет жұмысын бақылау мүмкіндіктеріне ие болды.

Конституцияда Президенттің атқарушы және басқарушы биліктің басшысы болып табылатындығы, Министрлер Кеңесінің Министрлер Кабинеті болып қайта құрылатыны, Премьер-Министр институты енгізілетіндігі бекітілді. Министрлер Кабинетін құру құқығы Президентке берілді, оны Жоғарғы Кеңес бекітті. Бір кем соққан тұсы - әрекетіне Президент жалпы, Премьер-Министр тікелей басшылық ететін Министрлер Кабинетінің мемлекеттік органдар жүйесіндегі орны нақты анықталмай, оны бір жағынан Президентке жауапты, екінші жағынан Парламентке бағынышты орган ретінде анықтау болды. Сондай-ақ Премьер-Министрдің құзіреті мен өкілеттілігі де толық анықталынбады.

1993 жылғы Конституцияға сәйкес сот билігі Қазақстан Республикасының Конституциялық сотына, Жоғары төрелік сотқа, Жоғары Сот пен оның төменгі соттарына беріледі. Сот билігі Қазақстан Республикасы атынан жүзеге асырылады және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, ҚР Конституциясы жоғарылығын, заңдылық пен әділеттілікті қамтамасыз етеді [2].

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік биліктің бөлінуі Қазақстан қоғамында бірыңғай биліктің мәні жағынан, қызметі жағынан бөлінуін білдіреді. Бұл бөлініс бөлшекті бүтіннен ажыратпайды, бірақ жаңа тәуелсіз мемлекеттің саяси және заңдық тұрғыдан икемді болуына мүмкіндік береді. 1993 жылғы Конституция заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтарының «тежемелік және тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы олардың өзара қатынас жасайтыны» туралы қағиданы алғаш рет енгізеді. Оған Конституция заңға Президенттің вето қою (тыйым салу) құқығын, заңға тыйым салуды Жоғарғы Кеңестің еңсеруі; Президенттің жұмыстан кетірілуін, Министрлер Кабинетінің немесе оның бір мүшесінің жұмыстан кетірілуі, Жоғарғы Кеңестің ұсынысы бойынша Президенттің Министрлер Кабинеті мүшесін лауазымынан алуды жатқызды. Мемлекет шын мәніндегі билік бөлісу тұжырымдамасына тұңғыш рет қадам басып, оны Қазақстан тарихында алғаш рет Конституциялық жолмен бекітті. Бұл ретте биліктің үш тармағы өз қызметтерінде басшылыққа алынатын тұғыр-тиянақ қана айқын көрсетіліп қойған жоқ, сонымен қатар билік бөлісудің біздегі үлгісі тежемелік және тепе-теңдік жүйесін пайдалануды көздейтіні анықталды.

Конституцияның жалпы сипаты мемлекеттік биліктің горизонталды (биліктің үш тармағы) және вертикалды (жергілікті басқару және азаматтық қоғамың әлеуметтік институттары) түрде бөлінгенін білдіреді. Бірақ саяси тәжірибе көрсетіп отырғандай, шын мәнінде саяси биліктің бөлінуі жайлы айту қиын [3; 6].

Бұл орайда түсініктеме ретінде Конституцияны келтіруге болады. Мәселе негізгі заңда қарама-қайшылықтың болуы жайында. Бір жағынан Конституция заңды түрде тежемелік әрі тепе-теңдік негізінде биліктің бөлінуін бекітсе, екінші жағынан, атқарушы вертикалды күшейтіп, Президенттің өкілеттігін кеңейтті [4; 105]. Ендігі жерде биліктің жіктелу қағидасының дұрыс түсінігін қалыптастыру қажеттігіне және одан тайып кету барысында мүмкін болатын теріс салдарға тоқталу қажет.

Билікті жіктеу туралы норма 1993 жылғы Конституцияда да болды. Конституциялық құрылым негіздерінің 6 ережесінде «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік оның заң шығару, атқару және сотқа бөлінуіне негізделеді. Соған сәйкес мемлекеттік органдар өз өкілеттілігінің көлемінде тежемелік және тепе-теңдік жүйесін пайдалана отырып дербес өзара әрекеттестікте болады» деп көрсетіледі. Бірақ оның қазіргі кездегі әрекеттегі Конституция нормасынан әлдеқайда алшақтығы бар.

Әрекеттегі Конституцияның 3 бабында біріншіден, мемлекеттік биліктің біртұтастығы баса айтылады; екіншіден оның үш тармаққа жіктелетіндігі көрсетіледі. Мемлекет құрылымы жобасында заң шығару немесе атқару билігі емес, заң шығару билігі тармағы да, атқару билігі тармағы да болуы қажет, әрі олар мемлекеттік билік тармақтары болуы керек. Аталған бір қарағанда ұсақ айырмашылық, терминологиялық айырмашылықтың маңызы зор, ол бастауы халық болып табылатын мемлекеттік биліктің біртұтастығын баса

көрсетеді. Кейбір билік тармақтары өзара әрекеттестікте болмақ тұрмақ, бір-біріне ашық қарсы тұрған мемлекеттерде туындаған мәселенің төркіні билік тармақтарының дербестікті, тәуелсіздіктерін дұрыс түсінбегендіктеріне байланысты болды.

Кеңестік мемлекеттерде билік бір органның қолына шоғырланған ұзақ кезеңнен кейін өмірге келген билікті бөлу посттоталитарлық мемлекеттерде белгілі бір эйфорияға әкелді, билік тармақтарының дербестігі мен тәуелсіздігінің қате түсінігін қалыптастырды, бір биліктің (мысалы, заң шығару билігінің) қалғандарынан жоғары тұратыны негізделді. Нәтижесінде заң шығару органдары өздеріне атқару-жарлық ету қызметтерін иемденіп алды немесе оған белсенді араласа бастады. Атқару органдары өздерін құқық қалыптастыруға қақылымыз деп санай бастады. Олардың екеуі де соңынан өздерінің немесе өзгелердің құқықтар туралы пікір таластыра бастайды немесе әділ сотты жүзеге асыруға бағыт алады. Бұл әрине дұрыс емес жағдай. Функциялардың сәйкес келуі мемлекеттің негізін жою қаупін төндіреді. Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілген мемлекеттік биліктің біртұтастығы туралы ереже бұндай әрекеттерге жол бермейді, сонымен бірге биліктің үш тармаққа жіктелуіне толық сәйкес келеді.

Қазақстанда мемлекеттік билікті жіктеу қағидасы және оның сақталуын кепілдендіруші «тежемелік және тепе-теңдік» жүйесі Конституцияда бекітіліп қана қоймаған, сондай-ақ көптеген заңдық және заңға бағынушы актілерде бекітілген. Бұл қағидаға әр түрлі мемлекеттік органдардың арасындағы нақты құзірет бөлісу және оны заңдастыру қызмет етеді. Конституция мен өзге заңдарда мемлекеттік биліктің әр түрлі тармақтарының бір-біріне ықпал ету нысандары тікелей анықталынған. Бұған Парламенттің Премьер-Министрді тағайындауға келісім беруі, Үкімет мүшелерінің Парламент алдындағы жауапкершілігі, Сенаттың Жоғарғы сот судьяларын сайлауы мысал бола алады.

Конституцияның көптеген баптары аталған қағиданы қамтамасыз етуге бағытталады: 75 және 77 баптар Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асыратындығын бекітеді және судьяның сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіздігін тұжырымдайды [5].

Биліктің жіктелу қағидасы бір жағынан оған тікелей қатысы болмайтын конституциялық ережелермен де қамтамасыз етіледі. Мысалы, әрекеттегі құқық анықтамасын беретін 4 бапты атауға болады және біздің зерттеу объектімізге айналып отырған қағидаға қажеттісі ол норманың ішінде бар бөлігі емес, оның ішінде жазылмаған бөлігі. Қазақстан құқық қайнар көзі ретінде сот прецедентін танымайды. Себебі, бір қолға заң шығарушының да, соттың да функцияларын жинап беру заңдар жүйесі де, сот жүйесі де толық анықтала қоймаған кезеңде басбұзарлыққа әкеліп соғуы мүмкін.

Заң шығару мен сот билігінің жіктелуіне байланысты мынандай мысал келтіруге болады: Конституциялық Кеңес өз құзіреттілігіне байланысты Конституция нормаларын талқылауға құқылы, ал заңға бағынышты нормативті актілерді оны қабылдаған немесе шығарған орган немесе лауазымды тұлға талқылайды. Осы жерде заң актілерін кімдердің талқылайтындығы түсініксіз, әлде заңдарға түсіндірме беру қажеттілігі жоқ па деген сұрақ туындайды. Осындай тікелей көрсетудің болмауын көпшілік әрекеттегі заңның ақаулығы деп түсінді де оның орнын толтыру қажеттігін айта бастады. Бірақ заңдарды талқылау құқығын оны қабылдаған органға, яғни Парламентке беру мүмкін емес еді, себебі Парламент өкілеттілігінің Конституцияда бекітілген тізімі толық сипатта болады да, оны заң актілерімен толықтыруға рұқсат етілмейді. Осыған байланысты заңдарды талқылау өкілеттілігін Жоғарғы сотқа беру туралы ұсыныс енгізілді. Бірақ мәселені нақтырақ қарастыру барысында оған жол беруге болмайтындығы анықталды, себебі бұл билікті жіктеу қағидасына қайшы келуші еді. Ол билік тармақтары арасындағы қайшылықтарға әкеліп соғуы мүмкін: нормаға сот берген түсіндірме оны қабылдау барысындағы заң шығарушының ойына сәйкес келмеуі мүмкін. Сөйтіп, заңдарды талқылау қажеттігі туралы мәселе өзектігінен айырылған тәрізді: егер заң нормасының айқын еместігі немесе әр

түрлі түсініктің қалыптасу мүмкіндігі анықталса, қалыптаса бастаған қолдану практикасы қарама-қайшы болса, онда бұл нормаға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет, ресми түсінік бергеннен гөрі [6; 6].

Билікті жіктеуді қамтамасыз ету кепілдіктерінің бірі - Конституцияда Парламенттің заң қабылдау құқығы бар мәселелердің көлемінің нақты айқындалғаны. Басқа барлық қатынастар Конституцияға сәйкес заңға бағынышты актілермен реттелуге тиісті. Бірақ бұл ереже кейде бұрмаланып, дұрыс қолданылмайды. Заң жобасына ұсақ, заң нормаларын нақтыландыра түсетін ережелер де қосылып кетеді немесе үкіметтік немесе ведомстволық актіге Парламенттің ерекше өкілеттілігіне жататын қатынастарды реттейтін нормаларды қосып жазу орын алған. Екіншісіне көбінесе заңмен көрсетілмеген азаматтар мен заңды тұлғалардың міндеттерін тағайындауға тырысу жатады. Бұл азаматтардың, заңды тұлғалардың Ата заңымыз бекіткен құқықтары мен бостандықтарына нұсқан келтіретін болғандықтан, оған тыйым салынады.

Билікті жіктеу қағидасын қамтамасыз етудегі мемлекет басшысының ролі ерекше қарастыруды қажет ететін мәселе. Президент Конституцияның 40 бабына сәйкес, халық пен мемлекеттік билік бірлігінің рәмізі әрі кепілі, мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Мемлекет басшысының аталған ролі Конституцияның көптеген нормаларында нақтылана түседі. Республика Президенті биліктің барлық тармақтарын қалыптастыруға қатысады. Ол Үкімет мүшелерін және атқару органдарының өзге басшыларын, республиканың жергілікті соттарының судьяларын және Парламент Сенатының депутаттарының бір бөлігін тағайындайды. Кейде Қазақстанның әрекеттегі Конституциясындағы мемлекет басшысының мәртебесі билікті жіктеудің дәстүрлі жүйесіне сәйкес келмейді, яғни оған қарсы келеді деген пікірді кездестіруге болады. Мемлекет басшысының ерекше мәртебесі, оны тұтастай биліктің бір тармағына жатқызудың мүмкін еместігі жоғарыда аталған биліктің тұтастығымен анықталады.

Қазақстанның саяси өмірі биліктің іс жүзінде Президент қолына шоғырлануын білдіреді. Әрине бұл өз кезегінде мамандар арасында үлкен пікірталасқа әкелуде. Қазақстанда қатаң авторитарлы басқару және бір тұлғаның үстемділігі орнатылу жағдайы бар деген жорамал пайда болуда. Екінші жағынан, бізге өтпелі кезеңде күшті орталықтандырылған саяси билік қажет деген пікірлер де бар. Осы пікір жақтаушылары ресейлік саясаттанушы Андроник Мигроняның теориясымен келіседі. Оның мәні мынада: тоталитарлы құрылымнан демократияға өтетін кезең «басқарулы демократия» арқылы болуы керек.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси болмысына екінші пікір жақын келеді. Қазақ халқының, Ұлы даланың билік мәселелеріне мән беретін болсақ, біздің ата-бабамыз дәстүрлер негізінде өмір сүрген, заң шығарушы орган маңызды болмаған, Бірақ Хан өкімдері дала дәстүрлі заңдарына қайшы келмейтін. Дегенмен, осы орайда, даланың үш жүзіне бірдей заңды күші бар «Жеті жарғы» заңы маңызды болып табылады. Атқарушы билікті Хан, сұлтандар орындайтын, сот қызметін билер орындайтын. Сол кезеңдегі қазақ қоғамының құрылымын қазіргі кезеңдегі күшті Президенттік Республикамен ұқсатуға болады. Бұл логикалық тұрғыдан орынды, себебі әр халықтың, әр елдің өзіндік ерекшеліктері болады. Жаңа қоғам құру барысында жергілікті елдің ерекшеліктерін ескеру қажет.

Қазақстан парламент тәжірибесін білмейді. Біздің Парламент енді-енді есін жиып, әлі кәсіби және билікті, өз сайлаушыларының мүддесін қорғайтын өкілі ретінде биліктің толық және нәтижелі тармағы роліне жеткенге дейін біраз уақыт қажет. Парламенттің нәтижелі жұмысы Қазақстандағы саяси партиялардың жағдайына байланысты. Ал Қазақстандағы партиялық жүйе әлсіз өмір сүруде, басқаша айтқанда, азаматтық қоғам құрылымы бойынша биліктің жіктелу теориясы толық түрде жүзеге асырылады деп айту қиын.

Биліктің жіктелу теориясы Конституцияда бекітілгенмен, осы уақытқа дейін тармақтардың қарым-қатынасы мәселелері жүйеленбеген. Билік тармақтары арасында

көптеген шиеленістер болуда, бұл билік жіктеу қағидасының маңызы біртұтас билікті бөлісу арқылы қоғамдағы әр алуан топтарды келісімге әкелу болып табылады. Осыған байланысты Парламенттің ролі жоғарылайды, ол негізінен қоғамның әр түрлі топтарының жоғары деңгейдегі өкілі. Заң шығарушы, өкілді орган арқылы әр түрлі топтар өзінің мүддесін қорғай алады. Ал қазіргі Парламент мұндай дәрежеге жете қойған жоқ. Оған Парламент пен Үкімет арасындағы шиеленістерді мысалға келтіруге болады. Дамыған, өркениетті, тұрақты саяси жағдай қамтамасыз етілген мемлекеттерде сайланған Парламент жоғарғы атқарушы органды құрайды, сонымен келісімді түрде әрекет жасайды. Оған күшті дамыған партиялық жолмен ғана жетуге болады.

Осындай саяси жүйе біздің елімізде жақын болашақта қолданылуы мүмкін деген ойды қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Отан партиясының III съезінде сөйлеген сөзінде атап айтты [1; 62].

Қазіргі кезде билікті жіктеудің классикалық үштігіне сай келмейтін екі орган бар тәрізді: оларға Конституциялық Кеңес пен Прокуратура жатады. Олардың әрекеті мағынасы бойынша қадағалаушы; заңдылықты, соның ішінде конституциялық заңдылықты қорғауға бағытталған бағытталған.

Конституциялық Кеңестің ерекше мәртебесі оның әрекеті арқылы қорғалатын Конституцияның нормативтік - құқықтық актілер иерархиясындағы ерекше орнымен негізделеді. Конституция нормаларына ресми талқылау бере отырып, Конституциялық Кеңес ол нормаларды практикада қолданумен айналыспайды, сондықтан да өзіне «ыңғайлы» талқылау беру қаупі болмайды.

Прокуратура органдары Конституцияға сәйкес, Республика аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел іздестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, заңдылықтың кез-келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады, сондай-ақ Республика Конституциясы және заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіреді. Прокуратура органдары биліктің барлық үш тармағына да қатысты биліктік өкілеттіліктерге ие.

Республика Конституциясында бекітілген біртұтас мемлекеттік билікті заң шығару, атқару, сот билігі тармақтарына жіктеу қағидасы заңдар жүйесінде қосымша жүзеге асырылуды қажет етеді. Бұл қағидаға сәйкес келуіне қатысты кез келген нормативтік-құқықтық акті жобасы, мемлекеттік орган құру туралы кез келген шешім қаралуға және бағалануға тиісті. Сонда ғана Республиканың нағыз демократиялық және құқықтық мемлекет ретінде дамуына сенімділік берік болады.

Биліктің жіктелу қағидасы тағы бір қызметті атқаруы тиіс: ол орталық орган мен жергілікті органдардың ара қатынасы. Қазіргі кезеңде аймақтық даму мәселелеріне үлкен көңіл бөлінуде. Аймақтың дамуын орталықтан бақылау және реттеу қиынға түсуде. Сол себептен де орталық органдар белгілі бір өкілеттіліктерін жергілікті басқару органдарына жүктеу қажет пе деген ойдамыз. «Билікті орталықтан алудың және өкілеттіліктерді өздері шұғылданатын объектілерге тікелей қатысты неғұрлым төменгі деңгейлерге ауыстырудың қажеттігі айдан анық, сонда орталық және өзге мемлекеттік органдар өзінің іс жүзінде керектігін және пайдалылығын ұдайы дәлелдеуге мәжбүр болады» [5; 75].

Дегенмен, өкілеттіліктермен бірге жергілікті органдар аймақтың дамуына жауапкершілік алады, ал біздің жағдайда бұл қаншалықты негізделген деген сұрақ туындайды. Әрине, жергілікті органдарды сайлау ауыл тұрғындарының саяси белсенділігін арттырады, сонымен жалпы мемлекеттік саясатқа ықпалын күшейтеді.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта айтқанда, биліктің жіктелуі қағидасын біздің жағдайда жүзеге асыру, үйлестіру үрдісі біраз қиыншылықтармен болғаны белгілі. Бірақ та, еліміздің тәуелсіздігін жариялаған мезеттен бергі бұл салада қол жеткізген жетістіктеріміз де жетерлік. Қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған, талпынған егеменділігі, тәуелсіздігі өмір шындығына айналды, мемлекеттілігіміздің еркін дамуына

жол ашылды. Қиын асулары көп осы жолда түпкі мақсатқа жету, қоғамдық өмірдің барлық саласы әділетті, азаматтардың табиғи құқықтары мен бостандықтарын танитын заңның үстемдігімен сипатталатын құқықтық мемлекеттілікке жету бір ғана ұрпақтың үлесіне тимегені белгілі. Биліктің нақты ара салмағы өзара деңгейлес үш тармағының қалыптасуы әлі де дамып, өзгерістерге ұшырап қалыптасып келеді деп ой қорытуға болады.

Қолданылған әдебиет:

1. Жоламан К.Д. Политико-правовая эволюция системы государственных органов и разделение власти в Республике Казахстан // Право и государство. 2001. №3. С.275-279.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесімен қабылданған.- [http://adilet.zan.kz/rus/docs/K930001000\\_](http://adilet.zan.kz/rus/docs/K930001000)
3. Нуkenов А.Н. Биліктің бөліну теориясы: Қазақстандық тәжірибе мәселелері // Саясат. 2001. №6.-Б.23-26.
4. Мухамеджанов Б. Реализация принципа разделения властей в Конституции Республики Казахстан // Юридическая газета. 2000. № 38.-С. 75-79.
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған. (2019.23.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).- <https://online.zakon.kz>
6. Қазақстан Республикасының Президенті туралы Конституциялық заңы, Қазақстан Республикасының Конституциясы, Президент, Парламент және оның депутаттарының мәртебесі, Үкімет. Республикалық референдум, Сайлау туралы Қазақстан Республикасының заңдары / Құраст. Б.Ә. Мұхамеджанов, А.Н. Котлов. - Алматы: Жеті жарғы, 1999. - 432 б.

## **РЕАЛИЗАЦИЯ ПРИНЦИПА РАЗДЕЛЕНИЯ ВЛАСТИ В ФОРМИРОВАНИИ ДЕМОКРАТИЧЕСКОГО ПРАВОВОГО ГОСУДАРСТВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

*Солтанова Д. М. магистрант второго курса кафедры теории и истории  
государства и права*

*Карагандинский университет имени Е.А.Букетова*

*Научный руководитель: профессор, к.ю.н. Ахметова Н.С.*

Принцип единораздельности государственной власти устанавливается ст. 3 Раздела I «Общие положения» Конституции Республики Казахстан 1995 года, где закреплено, что «государственная власть в Республике едина, осуществляется на основе Конституции и законов в соответствии с принципом ее разделения на законодательную, исполнительную и судебную ветви и взаимодействия их между собой с использованием системы сдержек и противовесов». Такое разделение властей с точки зрения государственно-правовой теории обеспечивает максимальную эффективность государственной власти и создает конституционный механизм сдержек и противовесов, обеспечивающий стабильность политической системы государства. Для жизнедеятельности любого государства первейшее значение имеют отношения, складывающиеся между высшими государственными органами: главой государства, парламентом и правительством. Насколько четко в конституции определены их статусы, присутствует стремление конкретных политиков и управленцев действовать сообща на пользу людей, настолько целеустремленно, профессионально и эффективно государство в осуществлении своего главного предназначения по обеспечению прав и свобод человека, его достойной жизни,